

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 20 желтоқсандағы №
ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2020
жылғы 22 желтоқсанда № 21843
болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы

*Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің
28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан
Республикасының Кодексі 7-бабының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

*Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің
28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау
қағидалары бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің
28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*



2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

« ____ » _____ **2020** жыл

Тізбеге қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 20 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына
қосымша

**Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму
нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары**

*Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің
28.06.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а.
16.07.2025 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 41-тармақшасына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау тәртібін айқындайды.

2. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін (бұдан әрі – ҮКД) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау өлшемшарттарына сәйкес персоналды басқару қызметі және денсаулық сақтау ұйымның басшысы немесе жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлға растайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым – білім алушылардың білімі мен дағдыларын, білім алу бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалауды жүзеге асыратын денсаулық сақтаудың уәкілетті органымен аккредиттелген ұйым;

2) денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму жүйесіндегі сынақ бірлігі (бұдан әрі – СБ) – кәсіптік қызметтің белгілі бір кезеңінде үздіксіз кәсіптік дамуға ықпал ететін іс-шараларға қатысу көлемі өлшемінің біріздендірілген шартты бірлігі;

3) денсаулық сақтау қызметкерлері – клиникалық немесе фармацевтикалық практикаға жіберу үшін немесе Кодекстің 27-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мамандығы (мамандануы) бойынша маман сертификаты бар мамандар;

4) денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша білім беру (бұдан әрі - қосымша білім беру) – кәсіптік білімді, машықтар мен дағдыларды қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру, сондай-ақ жаңа (қосымша) құзыреттерді игеру үшін денсаулық сақтау кадрларының білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын оқыту процесі;

4-1) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

б) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

7) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық сабақ сыныптауышы, ұлттық біліктілік шеңбері

негізінде әзірленетін және орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және салада пайдаланылатын білімдердің, іскерліктер мен құзыреттердің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды жіктейтін құжат;

8) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Кодекстің 269-бабының 3-тармағына сәйкес талаптарды ескере отырып, қосымша, формалды емес білім беру нәтижелерін және қосымша құзыреттерді куәландыратын құжаттар денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелері болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелері Кодекстің 27-бабына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлерді сертификаттау үшін расталады.

5. «Денсаулық сақтау» саласының СБШ сәйкес «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша білімі бар денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлеріне біліктілік деңгейін беру немесе растау «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) сәйкес бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижелері негізінде өту мерзімдерін сақтай отырып және біліктілік деңгейлерінің бірізділік қағидатын ұстана отырып жүзеге асырылады.

Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлері, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары «Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру», «Клиникалық практикаға жіберу үшін

шетелдік маман сертификатын беру», «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын беру», «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер шеңберінде бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымның қорытындысы болған кезде «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) сәйкес тәртіппен берілген деңгейі ескеріле отырып мамандық /мамандану бойынша маман сертификатын алады немесе растайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау тәртібі

6. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің соңғы 5 жылдағы ҮҚД нәтижелерін денсаулық сақтау ұйымының басшысы немесе жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлға растайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкері осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелерін растау

өлшемшарттарына сәйкес келетін ҮҚД нәтижелерін куәландыратын құжаттары болған кезде растайтын құжаттарды негізгі жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне ұсынады.

Жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлға осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелерін растау өлшемшарттарына сәйкес келетін ҮҚД нәтижелерін куәландыратын құжаттары болған кезде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымына денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелерін растауды ұсынады.

Шет тілінде берілген құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырған аудармасымен ұсынылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ҮҚД нәтижесінің әрбір өлшемшарты үшін персоналды басқару қызметі және денсаулық сақтау ұйымның басшысы немесе жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлға СБ есептейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. ҮҚД-нің қорытынды нәтижесі қосымша білім, формалды емес білім және қосымша құзыреттер үшін СБ-ны қосу арқылы есептеледі.

Қосымша білім беру (біліктілікті арттыру) нәтижелері бойынша СБ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-тарауына сәйкес соңғы 5 жыл үшін есептеледі.

Формалды емес білім беру нәтижелері бойынша СБ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тарауына сәйкес қосымша құзыреттер бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаның 3-тарауына сәйкес есептеледі.

10. ҮҚД расталған нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

11. ҮКД нәтижелерін куәландыратын құжаттардың өлшемшарттарына қойылатын талаптарына сәйкес келмеуі ҮКД нәтижелерін растаудан бас тартуға негіз болып табылады.

3-тарау. Біліктілік деңгейін беру және растау тәртібі

12. Біліктілік деңгейін беруге немесе растауға үміткер денсаулық сақтау жүйесінің қызметкері бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымға осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес ҮКД нәтижелерін ұсынады.

Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкеріне біліктілік деңгейін беру үшін:

- 1) білім туралы дипломымен расталған біліктілік деңгейіне сәйкес денсаулық сақтау саласында білімінің болуы;
- 2) бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымы берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі;
- 3) көрсетілетін қызметтердің электрондық тіркелімінен немесе кәсіптік қызмет туралы есеппен расталған, құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған кәсіптік стандарттың талаптарына сәйкес мәлімделген біліктілік деңгейіне сәйкес келетін еңбек функцияларын орындауы;
- 4) персоналды басқару қызметі және денсаулық сақтау ұйымының басшысы немесе жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлға куәландырған ҮКД-ның расталған нәтижелері қажет.

Біліктілік санатын беру туралы куәліктің қолданылу мерзімі 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін өткен денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері білімді бағалау және кейс-тестинг (жағдаяттық тапсырмаларды шешу) кезеңінен өтпей-ақ тиісті (баламалы) біліктілік деңгейін алуға үміткер болады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Біліктіліктің тиісті деңгейіне қол жеткізу үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелерін растау өлшемшарттары бойынша қосымша, формалды емес білім беруді және қосымша құзыреттерді қамтитын үздіксіз кәсіптік даму іс-шаралары қажет.

14. Біліктілік деңгейлері үшін үздіксіз кәсіптік даму іс-шараларының жалпы көлемі 210 СБ құрайды.

15. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үш халықаралық академиялық рейтингке кіретін шетелдік ұйымдарда алған қосымша және (немесе) формалды емес білімі және олардың екеуінің және одан да көбінің алғашқы 250 (екі жүз елу) позицияларының қатарында (әлемнің үздік университеттерінің әлемдік рейтингі Квакарелли Симондс (QS World University Rankings, Кьюес World University Ranking), әлем университеттерінің академиялық рейтингі (Academic Ranking of World Universities, Академик Ranking of World University), Times басылымының нұсқасы бойынша әлемнің үздік университеттерінің рейтингі, (Times Higher Education World University Rankings) Таймс Хайер Юдукейшн World University Ranking) «Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) көзделген Қазақстан Республикасында құжаттың түпнұсқасын ұсынған кезде жарамды деп танылады.

16. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249 /2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) бұйрығында көзделген тәртіппен бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі негізінде бастапқы немесе кезекті біліктілік деңгейі беріледі.

17. Біліктіліктің 4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I), 7.1 (R) бастапқы деңгейлері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдарының түлектеріне денсаулық сақтау саласындағы СБШ-ға сәйкес беріледі.

18. Мамандануы бойынша біліктілік деңгейі «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21699 болып тіркелген) шарттары сақтала отырып, негізгі мамандық шеңберінде беріледі.

19. Біліктіліктің кезекті деңгейін беру кезінде «Денсаулық сақтау» саласының СБШ белгілеген біліктілік деңгейлерінің кезектілігі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сақталады.

Санат беру туралы мерзімсіз куәліктері бар денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері кәсіптік даярлық бағалауынан өтпей-ақ тиісті біліктілік деңгейі бар мамандық бойынша маман сертификатына куәлікті қайта ресімдей алады.

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері сол мамандық бойынша орта білімнен кейінгі немесе жоғары медициналық білім алған кезде бұрынғы жұмыс өтілі ескеріле отырып, баламалы біліктілік санатының біліктілік деңгейі сақтала отырып, маман сертификатын қайта ресімдей алады.

**Денсаулық сақтау жүйесі
қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік
даму нәтижелерін растау, біліктілік
деңгейін беру және
растау қағидаларына
1-қосымша**

*Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР
Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

**Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму
нәтижелерін растау өлшемшарттары**

| № | Өлшемшарттардың атауы | Өлшемшарттарға қойылатын талаптар | Өлшемшарттардың бірлігі | Растайтын құжат |
|-----------------------------------|---|--|--------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1-тарау. Қосымша білім | | | | |
| 1 | Қосымша білім (біліктілікті арттыру циклдері) | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; білім беру бағдарламасының деңгейіне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету | 1 сағат = 1 сынақ бірлігі; | біліктілікті арттырудан өткені туралы куәліктің көшірмесі |
| 2-тарау. Формалды емес білім беру | | | | |
| 2. | Мамандық бейіні бойынша тағылымдама | облыстық, қалалық, республикалық маңызы бар | 1 апта = 10 сынақ бірлігі | тағылымдаманың жеке жоспарының орындалуы туралы есептің көшірмесі, тағылымдама барысында алған білімі, машығы мен дағдылары туралы ақпарат, тағылымдама қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімше басшысының денсаулық сақтау саласындағы маманға пікірі |
| | | халықаралық маңызы бар | 1 апта = 30 сынақ бірлігі | |
| 3. | Күндізгі оқыту семинарларына, тренингтерге, шеберлік сыныптарға қатысу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету | 1 сағат = 0,5 есептік бірлік; | оқудан өткені туралы куәліктің көшірмесі |
| 4. | Вебинарларға, онлайн курстарға, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып өткізілетін өзге де оқыту іс-шараларына қатысу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету | 1 сағат = 0,5 сынақ бірліктері | оқудан өткені туралы куәліктің көшірмесі |
| 3-тарау. Қосымша құзыреттер | | | | |
| 5. | Съезд, Конгресс, конференциялар жұмысына қатысу | облыстық, республикалық маңызы бар қалалар | | баяндамашының Т.А.Ә., тақырыбы, өткізу орны, өткізуді ұй- |

| | | | | |
|-----|--|--|--|--|
| | | | 1 күн – 5 сынақ бірлігі, баяндамамен – 10 сынақ бірлігі | ымдастырушы, күні көрсетілген конференция қатысушысының құжаты және (немесе) бағдарламасы |
| | республикалық маңызы | | 1 күн – 10 сынақ бірлігі, баяндамамен - 50 сынақ бірлігі | |
| | халықаралық маңызы | | 1 күн - 40 сынақ бірлігі , баяндамамен - 100 сынақ бірлігі | |
| 6. | Монографияны, нұсқаулықтарды, әдістемелік ұсынымдарды жариялау | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші автор немесе моноавторлық | 1 монография = 180 сынақ бірлігі; нұсқаулық, әдістемелік ұсынымдар = 30 сынақ бірлігі. | жарияланған монографияның, нұсқаулықтардың, әдістемелік ұсынымдардың электрондық көшірмесі, бірінші автор |
| 7. | Оқулық (кітаптар) | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші автор немесе моноавторлық. | 1 оқулық (кітап) = 180 сынақ бірлігі | жарияланған оқулықтың (кітаптың) электрондық көшірмесі) |
| 8. | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізбеге кіретін басылымдарда ғылыми мақала жариялау | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші 3 авторға | 1 бап = 20 сынақ бірлігі | жарияланған мақаланың электрондық көшірмесі, алғашқы 3 автор |
| 9. | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізбеге кірмейтін республикалық және шетелдік басылымдарда мақаласын жариялау | бірінші 3 авторға | 1 бап = 10 сынақ бірлігі | жарияланған мақаланың электрондық көшірмесі, алғашқы 3 автор |
| 10. | Scopus, Web of Science, Springer индекстелетін басылымдарда жариялау | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес | 1 мақала, журналдың квартилі Q4 = 90 сынақ бірлігі, 1 мақала, журналдың квартилі Q3= 120 сынақ бірлігі, 1 мақала, журналдың квартилі Q2 = 150 сынақ бірлігі, 1 мақала, журналдың квартилі Q1= 180 сынақ бірлігі. | Scopus, Web of Science, Springer дерекқорында жарияланған мақалаға сілтеме |
| 11. | Патент алу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес | 1 республикалық деңгейдегі патент = 60 сынақ бірлігі; 1 шетелдік деңгейдегі патент = 180 сынақ бірлігі. | патенттің көшірмесі |
| 12. | Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік туралы куәлік алу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес | 1 куәлік = 30 сынақ бірлігі | зияткерлік меншік туралы куәліктің көшірмесі |
| 13. | Тәлімгерлік, педагогикалық қызмет | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес | жыл бойы медициналық білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін тәлімгер | медициналық ұйымның тәлімгер тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі, және (немесе) тәлімгерлік және (немесе) |

| | | | | |
|-----|---|--|--|--|
| | | | немесе ментор ретінде = 10 сынақ бірлігі | менторлық бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлік |
| 14. | Жас және жаңадан қабылданған мамандарға тәлімгерлік | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес | жыл ішінде тәлімгер ретінде = 10 сынақ бірлігі | тәлімгер тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі |
| 15. | Практикалық қызметке диагностика емдеу, аурудың профилактикасы инновациялық ғылыми немесе практикалық әдістемені енгізу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес | 1 ендіру актісі = 60 сынақ бірлігі | денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органының қатысуымен ендіру актісі |
| 16. | Кәсіби қауымдастыққа мүшелік | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау кезінде кемінде 1 жыл белсенді мүшелік. | өңірлік деңгей = 10 сынақ бірлігі; Республикалық деңгей = 30 сынақ бірлігі; Халықаралық деңгей = 60 сынақ бірлігі. | сараптамалық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі |
| 17. | Сараптама органдарына мүшелік | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау кезінде 5 жыл ішінде кемінде 1 жыл белсенді мүшелік | республикалық деңгей = 90 сынақ бірлігі | сараптамалық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі |
| 18. | Сараптамалық және (немесе) жаттықтырушылар қызметі | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау сәтіне бір жыл ішінде | 1 құжат = 10 сынақ бірлігі | сараптамалық және жаттықтырушылық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі |
| 19. | Нормативтік құқықтық және өзге де регламенттеуші актілерді әзірлеуге қатысу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; республикалық деңгейдегі (клиникалық хаттамалар, клиникалық мейіргерлік нұсқаулықтар, операциялық рәсімдердің стандарттары, салалық бағдарламалар, білім берудің мемлекеттік стандарттары) | 1 құжат = 30 сынақ бірлігі | жұмыс тобының құрамы туралы бұйрықтың көшірмесі |
| 20. | Білім алушылардың білімі мен дағдыларын, денсаулық сақтау саласындағы түлектер мен мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымның емтихан материалының (тест сұрақтары және клиникалық сценарийлер) мазмұндық немесе тесттілік сараптама-сына қатысу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; | 50 тест сұрақтары = 1 сынақ бірлігі; 10 клиникалық сценарий = 1 сынақ бірлігі | емтихан материалдарын сараптау актісінің көшірмесі |
| 21. | Медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісінің болуын (болмауын) анықтау және оны растау мақсатында тәуелсіз сараптама комиссиясының жұмысына қатысу | мәлімделген мамандық бейініне сәйкес растау сәтінде 5 жыл ішінде | 1 құжат = 90 сынақ бірлігі | сарапшының қатысуы туралы тәуелсіз сараптама комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді және тәуелсіз сараптама комиссиясының құрамын бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі |

**Денсаулық сақтау жүйесі
қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби
даму нәтижелерін растау, біліктілік
деңгейін беру және
растау қағидаларына
2-қосымша**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.12.2025 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

**Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму
нәтижелерін растау**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____
2. Мәлімделген мамандық _____
3. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерінің жалпы еңбек өтілі (жыл, ай, күн)

4. Мәлімделген мамандық бойынша жұмыс өтілі (жыл, ай, күн) _____
5. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны _____
6. Атқаратын лауазымы _____
7. Мәлімделген мамандық бойынша еңбек қызметі (мәлімделген мамандық бойынша үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау сәтінде)

| Қабылданған күні | Босатылған күні | Жұмыс орны | Атқаратын лауазымы | Бұйрық нөмірі | Бұйрықтың шыққан күні |
|------------------|-----------------|------------|--------------------|---------------|-----------------------|
| | | | | | |

8. Салалық біліктілік шеңберінің деңгейі _____
9. Біліктілік санаты (бар болса) _____
10. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (бар болса) _____
11. ҮҚД нәтижелері _____

| № | Өлшемшарттардың атауы | Сынақ бірліктеріндегі нәтиже |
|------------------------------|-----------------------|------------------------------|
| 1-тарау. Қосымша білім | | |
| 1 | | |
| 2-тарау. Формалды емес білім | | |

| | | |
|-----------------------------|--------------------------|--|
| 2 | | |
| 3 | | |
| 4 | | |
| 5 | | |
| 3-тарау. Қосымша құзыреттер | | |
| 6 | | |
| 7 | | |
| 8 | | |
| 9 | | |
| 10 | | |
| 11 | | |
| 12 | | |
| 13 | | |
| 14 | | |
| 15 | | |
| 16 | | |
| 17 | | |
| 18 | | |
| 19 | | |
| 20 | | |
| 21 | | |
| | ҮҚД нәтижелерінің жиыны: | |

Персоналды басқару қызметінің басшысы

(бар болса толтырылады)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ (қолы) берілген күні

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы/ жеке медициналық практикамен
және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ (қолы) берілген күні

**Денсаулық сақтау жүйесі
қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін растау,
біліктілік деңгейін беру және
растау қағидаларына
3-қосымша**

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік дамуы

| № | Үздіксіз кәсіптік даму іс-шарасының атауы | | | | |
|---|--|---|---|---|---|
| 1 | Салалық біліктілік шеңберінің деңгейлері | 4.0; 5.0; 6.0; 7.0 (I); 7.1 (R) | 4.1; 5.1; 6.1; 7.1 (I); 7.2 (R) | 4.2; 5.2; 6.2; 7.2 (I); 7.3 (R) | 4.3; 5.3; 6.3; 7.3 (I); 7.4 (R) |
| | Біліктілік санаты | Біліктілік санаты жоқ | Екінші біліктілік санаты | Бірінші біліктілік санаты | Жоғары біліктілік санаты |
| 2 | Үздіксіз кәсіптік даму іс-шараларының жалпы көлемі (қосымша білім берудің, формалды емес білім берудің және қосымша құзыреттердің сынақ бірліктерінің соммасы) | - | 5 жыл ішінде кемінде 210 сынақ бірлігі немесе сақтандыру жағдайын сараптау кезінде Тәуелсіз сараптама комиссиясына қатысу, соңғы 3 жылда кемінде 3 рет. | 5 жыл ішінде кемінде 210 сынақ бірлігі немесе сақтандыру жағдайын сараптау кезінде Тәуелсіз сараптама комиссиясына қатысу, соңғы 3 жылда кемінде 3 рет. | 5 жыл ішінде кемінде 210 сынақ бірлігі немесе сақтандыру жағдайын сараптау кезінде тәуелсіз сараптама комиссиясына қатысу, соңғы 3 жылда кемінде 3 рет. |
| 3 | Қосымша білімі | - | базалық немесе орта деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 150 сынақ бірлігі (сағат) | орта немесе жоғары деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 120 сынақ бірлігі (сағат) | жоғары немесе мамандандырылған деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 60 сынақ бірлігі (сағат) |
| | Формалды емес білімі және қосымша құзыреттер | - | кемінде 60 сынақ бірлігі | кемінде 90 сынақ бірлігі | кемінде 150 сынақ бірлігі |

Денсаулық сақтау жүйесі
қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін
растау, біліктілік деңгейін беру
және растау қағидаларына
4-қосымша

Бастапқы біліктілік деңгейлері.

| | |
|------------------------------|---|
| СБШ біліктілік деңгейі | Денсаулық сақтау саласындағы білім деңгейі |
| 4.0 | техникалық және кәсіптік білім |
| 5.0 | орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат) |
| 6.0 | жоғары білім (академиялық бакалавриат) |
| 7.0 (I) | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (игерілген бакалавриат бағдарламасы негізінде магистратура) және (немесе) практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе жоғары базалық медициналық білім (интернатура) және (немесе) үздіксіз интеграцияланған медициналық білім |
| 7.1 (R) | жоғары оқу орнынан кейінгі білім (резидентура) сертификаттау курсы (мамандандыру үшін*) |
| 8 | PhD Докторантура, PhD докторы ғылыми дәрежесі, (Медицина ғылымдарының кандидаттары, медицина ғылымдарының докторы) немесе жоғары медициналық білім және саладағы басқару жұмысының тәжірибесі. |

**Денсаулық сақтау жүйесі
қызметкерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму нәтижелерін растау,
біліктілік деңгейін беру
және растау қағидаларына
5-қосымша**

Біліктіліктің кезекті деңгейлері

| Денсаулық сақтау саласындағы білім деңгейі | СБШ біліктілік деңгейі | Біліктілік санаты | Біліктіліктің алдыңғы деңгейін алған күннен бастап мәлімделген мамандық және (немесе) мамандану бойынша үздіксіз жұмыс өтілінің болуы |
|--|------------------------|-------------------|---|
| Техникалық және кәсіптік білім | 4.1 | екінші | кемінде 5 жыл |
| | 4.2 | бірінші | кемінде 4 жыл |
| | 4.3 | жоғары | кемінде 3 жыл |
| Орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат) | 5.1 | екінші | кемінде 5 жыл |
| | 5.2 | бірінші | кемінде 4 жыл |
| | 5.3 | жоғары | кемінде 3 жыл |
| Жоғары білім (академиялық бакалавриат) | 6.1 | екінші | кемінде 5 жыл |
| | 6.2 | бірінші | кемінде 4 жыл |
| | 6.3 | жоғары | кемінде 3 жыл |
| Негізгі медициналық білім (интернатура) | 7.1 (I) | екінші | кемінде 5 жыл |
| | 7.2(I) | бірінші | кемінде 4 жыл |
| | 7.3(I) | жоғары | кемінде 3 жыл |
| Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (клиникалық ординатура, қайта даярлау, резидентура) | 7.2 (R) | екінші | кемінде 5 жыл |
| | 7.3(R) | бірінші | кемінде 4 жыл |
| | 7.4(R) | жоғары | кемінде 3 жыл |
| Медицина ғылымдарының кандидаты, медицина ғылымдарының докторы, PhD | 8 | | |